

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

# ЖАДЫНАМА

Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыратын  
орта білім беру ұйымдарының ағымдағы  
жылғы бітірушілері үшін

НҰР-СҰЛТАН  
2019 ЖЫЛ



*"Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) - жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны"*

*"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы*

Өтініш қабылдау мерзімі  
1 сәуір мен 10 мамыр  
аралығы

ҰБТ өткізу мерзімі  
20 маусым мен 5 шілде  
аралығы

**ҰБТ-ға қатысуға өтініш беру үшін мектеп бітіруші Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пунктіне (ҰБТӨП) баруы қажет.**



**Мектептердің бекітілген ҰБТӨП-тері және олардың мекен-жайлары туралы ақпаратты Ұлттық тестілеу орталығының сайтынан білуге болады (<https://testcenter.kz>).**



**ҰБТ-ға қатысу үшін бітіруші келесі құжаттарды ҰБТӨП-ке тапсыру қажет:**

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш (алдын ала онлайн-өтініш беру мүмкіндігі бар);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі екі фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.  
Бұл ретте жасы 16-ға толмаған және жеке басын куәландыратын құжаты жоқ адамдар туу туралы куәлігінің көшірмесін тапсырады;
- 4) белгіленген үлгідегі өзі білім алатын орта білім беру ұйымының екі данадағы анықтамасы (бір данасы тестіленушіге қалады).

**Құжаттар қабылдағаннан және өтініш базаға енгізілгеннен кейін тестіленушіге:**

- 1) құжаттар қабылданғаны жөнінде анықтама;
- 2) тестілеуге рұқсаттама беріледі.



**Назар аударыңыз!**

**Бітіруші құжаттарды қатаң түрде мектеп бекітілген ҰБТӨП-ке тапсырады**



**Деректер базаға енгізілгеннен кейін тестіленуші тегі, аты, әкесінің атын (Т.А.Ә.) мұқият тексеруі қажет, себебі бұл мәліметтер сертификатта көрсетіледі және жеке куәліктегі деректерге сәйкес келуі тиіс.**



Тестілеуге кіру үшін өзімен бірге:

1. Жеке куәлік (жоқ болған жағдайда мектептен анықтама және туу туралы куәлікті ұсыну қажет);
2. Тестілеуге рұқсаттама;
3. Қара немесе көк түсті қалам болуы керек.

# ЖҰМЫС РЕТІ

1 Жауап парағының қызметтік секторларын МҰҚИЯТ толтырыңыз

2 Кітап баспасының бүтіндігін, толықтығын және сапасын тексеріңіз

3 Тест тапсырмаларын орындап, жауап парағын толтырыңыз

4 Жауап парағын және кітапшаны аудитория кезекшісіне тапсырыңыз



## ҰБТ өткізу кезінде оқуға түсушіге:



Министрлік өкілінің рұқсатынсыз және дәліз кезекшісінің ілесіп жүруінсіз аудиториядан шығуға;



Әңгімелесуге, орын ауыстыруға, тестілеу материалдарымен алмасуға, аудиториядан тестілеу материалдарын шығаруға;



Ұялы байланыс құралдарын және басқа да электрондық құрылғыларды пайдалануға;



Тестілеу материалдарын (жауап парақтарын және кітапшаларын) умаждау арқылы бүлдіруге;



Түзетуші сұйықтықты пайдалану арқылы қарастырылмаған секторларды бояуға (жауап парағының нөмірі) жол берілмейді.



Тестілеу уақыты аяқталғаннан кейін тестілеу материалдарын кезекшіге тапсыру қажет, уақыт өткеннен кейін материал қабылданбайды.



**Оқуға түсушілер аудиторияда тәртіп ережелерін бұзған жағдайда тестілеу нәтижелері өңделмейді және жойылады.**



Түсушілер ҰБТ-ны қалауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын\* тілдерінде тапсырады.

Ескерту\*

ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсырушылар қалауы бойынша Қазақстан тарихын қазақ немесе орыс тілдерінде тапсырады.

## Міндетті пәндер:

- Қазақстан тарихы
- Оқу сауаттылығы
- Математикалық сауаттылық

Берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауды талап етеді.

Әр пән бойынша тест тапсырмаларының саны-20



Шығармашылық дайындықты талап ететін түсуші тұлғалар Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша тест тапсырады.

## Бейіндік пәндер

- Бірінші бейіндік пән
- Екінші бейіндік пән

1-20 аралығындағы тест тапсырмаларында берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты, 21-30 аралығындағы тест тапсырмалары бойынша бір немесе бірнеше дұрыс жауапты (3-тен артық емес) таңдау талап етіледі. Әрбір бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының саны - 30.

Шет тілі (ағылшын) бойынша тест тапсырғандығы туралы халықаралық сертификаттары бар адамдар қалауы бойынша "Ағылшын тілі" бейіндік пәні бойынша тестілеу тапсырудан босатылады.

IELTS (АЙЛТС), шекті балл – 6.0 баллдан кем емес

TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) – шекті балл – 310 баллдан кем емес

TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙБИТИ) – шекті балл – 79 баллдан кем емес

*Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде ЖОО-ға қабылдау кезінде ағылшын тілі бойынша тест тапсырғандығы туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға 40 балл есептеледі.*



## ҰБТ нәтижелерін мемлекеттік комиссия оны өткізген күні жариялайды

Тестілеуді өткізу орны бойынша  
ақпараттық стендке ілінеді.

Сондай-ақ тестілеу нәтижесімен  
[www.testcenter.kz](http://www.testcenter.kz) сайтынан  
танысуға болады.  
*(Тестіленушінің ТЖК және ЖСН енгізу арқылы)*

Нәтижелермен келіспеген жағдайда  
тестіленуші апелляцияға бере алады.



Апелляцияға өтініш ҰБТ нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күнтізбелік күн ішінде қарайды

**Апелляция мынадай жағдайларда қарастырылады:**

### Мазмұны бойынша:

- 1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмесе (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);
- 2) дұрыс жауап болмаса;
- 3) берілген барлық жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірден көп дұрыс жауап болса (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);
- 4) тест тапсырмасы дұрыс құрылмаса;
- 5) тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) табылмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда.

### Техникалық себеп бойынша:

- 1) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер екі және одан көп дөңгелекше ретінде оқыса;
- 2) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер бос дөңгелекше ретінде оқыса;
- 3) жауап парағында ақау болғанда.



**Түсуші ҰБТӨП-те және базалық ЖОО-да апелляция комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда, ол республикалық апелляциялық комиссияға жүгінеді.**


**Оқуға түсушінің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты және тестілеуге рұқсаттамасы болуы қажет**





## ҰБТ-ға қатыспаған және шекті балл жинамаған тұлғалар:

1) тамыз айында ҰБТ тапсыра алады;



2) ЖОО-ға 1 (бірінші) академиялық кезең аяқталғанға дейін күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылдана алады.

ЖОО-да білім алудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі аяқталғаннан кейін бұл адамдар ҰБТ-ны қайта тапсырады.



Тестілеу ақылы негізде өткізіледі, тестілеу құны - **2242 теңге**.

Төлемді Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің барлық кассаларында жүргізуге болады.

Сондай-ақ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ терминалдары арқылы ақы төлеуге болады.



Конкурсқа өтініштерді  
кабылдау мерзімі  
**13 мен 20 шілде**  
аралығы

Конкурсты өткізу мерзімі  
**21 шілде мен 1 тамыз**  
аралығы



Жоғары білімнің білім беру грантын беруге  
арналған конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші  
кабылдау комиссиясына:

- 1) белгіленген үлгідегі бланкіде немесе веб-қосымша жүйесі арқылы толтырылған өтінішті;
- 2) білімі туралы құжатты (төлнұсқа);
- 3) ҰБТ сертификатын;
- 4) 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы;
- 5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 6) IELTS, TOEFL ITP, TOEFL IBT халықаралық сертификатын (бар болған жағдайда) тапсырады.


**Конкурс өткізілген кезде балдар тең болған жағдайда басым құқық мынадай кезектілік бойынша беріледі:**

- 1) "Алтын белгі" белгісімен марапатталған тұлғалар;
- 2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар;
- 3) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтар олимпиадалардың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары;
- 4) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер, жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы айғақтары жоқ бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар тұлғалар.



Дайындық бағыттарының жаңа жіктеуішін енгізуге байланысты гранттар білім беру бағдарламаларының топтарына бөлінеді.

Мысал:



ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жіктеуіші бойынша мамандықтар (2009 ж.)



Бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда оқуға түсуші білім беру саласына қарамастан білім беру бағдарламаларының төрт тобына дейін көрсете алады.



**Жоғары оқу орындарына (ЖОО) түсу және жоғары білімнің білім беру гранттарын беруге арналған конкурсқа қатысу ҰБТ нәтижесі бойынша:**

**- ұлттық жоғары оқу орындарына – кемінде 65 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар", "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "Ветеринария" білім беру салалары бойынша – кемінде 60 балл;**

**- басқа жоғары оқу орындарына – кемінде 50 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" – кемінде 60 балл, "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша – кемінде 65 балл.**

Оның ішінде шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілерді қоспағанда, Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқыту тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл жинау қажет.





## Шығармашылық емтихандар

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін өтініштерді (құжаттарды) қабылдау жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау

**20 маусым мен  
7 шілдеге аралығы**

Шығармашылық емтиханның өтуі

**8 мен 13 шілде  
аралығы**

ЖОО-ға қабылдау кезінде баллдар ескеріледі:

1. Қазақстан Тарихы;
2. Оқу сауаттылығы.



Екі шығармашылық емтихан.

Әр шығармашылық емтихан бойынша максималды балл - 40 балл.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларына түсушілер білім беру бағдарламаларының бір тобы бойынша білім беру грантын беру конкурсына қатысады және шығармашылық емтихан тапсырған ЖОО-ны өтінішінде көрсетіледі.

## Арнайы емтихандар

### Педагогикалық ғылымдар

Құжаттарды қабылдау *20 маусым мен 14 тамыз* аралығында жүргізіледі. Жоғары оқу орындарында өткізіледі.

### Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)

Құжаттарды қабылдау *20 маусым мен 7 шілде* аралығында жүргізіледі. ҚР барлық медициналық ЖОО-да 8 мен 13 шілде аралығында өткізіледі.

Келесі критерийлер бойынша бағаланады:

Жіберілді (Допуск)



Жіберілмеді (Недопуск)



**Студенттерді ЖОО-ға қабылдауды  
ЖОО-ның қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылғы  
10 - 25 тамыз аралығында өткізеді.**

## **Оқуға түсушілер ЖОО-ның қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге:**

- 1) жалпы орта білім туралы құжатын (төлнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;
- 3) 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;
- 4) ҰБТ сертификатын;
- 5) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 6) білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті (бар болса);
- 7) IELTS, TOEFL ITP, TOEFL IBT халықаралық сертификатын (бар болса) қоса береді.

